

**«Таным» білім беру саласы: Жаратылыстану оқу қызметі**

**Қыркүйек айы 2021 жыл**

**Өтпелі тақырып: «Балабақша»**

<b>Апталық тақырыптар</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Бағдарламалық мақсаты</b>	<b>Мерзімі</b>
I-апта Менің балабақшам	«Балабақша біздің ортақ үйіміз» (сурет бойынша әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Балабақшада еңбек ететін адамдардың мамандықтарымен таныстыру.(медбике,аспаз).Балабақшаның балаларды көп нәрселерге үйрететінін және жақсылыққа тәрбиелейтін орын екенін түсіндіру. <b>Дамытушылық:</b> Балабақшада еңбек ететін адамдардың еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу. <b>Тәрбиелік:</b> Балаларды мейірімді балуға баулу.	03.09.21ж
II-апта Менің достарым	«Кішкентай достарымыз» (әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Адамдарды қамқорлығында өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. <b>Дамытушылық:</b> Үй жануарларына күтім жасай білу дағдыларын; тәжірибе жұмыстарына қызығушылықтарын, нысандарды салыстыра білу шеберліктерін дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> «Жануарларға қамқор болу керек» деген көзқарастары қалыптастыру.	10.09.21ж
III-апта Менің сүйікті ойыншықтарым	«Ойыншықтар» (әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Балаларға ойыншықтар туралы түсіндіру <b>Дамытушылық:</b> Ойыншықтардың аттарын атап , оларды бір-бірінен түсіне көлеміне қарай ажыратуға үйрету. <b>Тәрбиелік:</b> Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	17.09.21ж
IV-апта Жиһаздар	«Үй жиһаздары» ( сурет бойынша әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету.Бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Баланың зейінін, логикалық ойлауын, тілін дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Жиһаздарды күтуге тәрбиелеу	24.09.21ж

**Қазан айы 2021 жыл**  
**Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»**

<b>Апталық тақырыптар</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Бағдарламалық мақсаты</b>	<b>Мерзімі</b>
I-апта Менің отбасым	«Менің отбасым» ( сурет бойынша әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	01.10.21 ж
II- апта Біздің көше	«Күздегі жапырақтардың түсуі» ( сурет бойынша әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Күз мезгіліне тән белгілермен таныстыру. <b>Дамытушылық:</b> Күзгі маусымда табиғат және табиғат құбылыстарын бақылай білу дағдыларын қалыптастыру,табиғат дауыстарын тыңдай білу(жапырақтың сыбдырын,желдің дауысын,құстардың сайрағанын) шеберліктерін қалыптастыру. <b>Тәрбиелік:</b> Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін дамыту және табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.	08.10.21ж
III –апта Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	«Үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік» ( сурет бойынша әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ережелері туралы түсінік беру. <b>Дамытушылық:</b> Қауіпсіздік ережелерін түсініп,есте сақтауға үйрету. <b>Тәрбиелік:</b> Қауіпті жағдайларды ескере отырып,үлкендердің айтқанын тыңдауға тәрбиелеу.	15.10.21ж
IV- апта Алтын күз	Алтын күз келді! ( сурет бойынша әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы,жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. <b>Дамытушылық:</b> Табиғаттағы ауа райының жайын бақылауды және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үйрету. <b>Тәрбиелік:</b> Құрдастарына достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.	22.10.21ж
V-апта	Құсхананы мекендеушілер	<b>Білімділік</b> Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. <b>Дамытушылық</b> Жанды нысанды сипаттай білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу.	29.10.21ж

**Қараша айы 2021жыл**  
**Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»**

Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Мерзімі
I-апта Ғажайыптар әлемі	«Ағаштар мен бұталар» (бақылау)	<b>Білімділік:</b> Табиғаттың жанды нысандары туралы түсініктерін жүйелеу. <b>Дамытушылық:</b> Балабақша аумағындағы және жақын маңайдағы өсімдіктерді(ағаштар мен бұталар) ажырату және атай білу дағдыларын дамыту. <b>Тәрбиелік.</b> Өсімдіктер әлеміне қызығушылығын тәрбиелеу.	05.11.21ж №11
II-апта Өзіңе және өзгелерге көмектес	«Жабайы және үй жануарлары» (сурет бойынша әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Үй жануарлары және Қазақстан аумағында мекендейтін жабайы жануарлар туралы, үй жануарларына күтім көрсету ерекшеліктері, жабайы жануарлардың қозғалыс тәсілдері, өмір қалпы туралы түсініктерін кеңейту. <b>Дамытушылық:</b> Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Тіршілік иелеріне ізгі қарым-қатынасты тәрбиелеу.	12.11.21ж.
III-апта Жануарлар әлемі	«Жануарлар қысқа қалай дайындалады?» (сурет бойынша әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Орман жануарларының тіршілік ету қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жабайы жануарлардың қысқа дайындықтарымен танысу. <b>Дамытушылық:</b> Жабайы жануарлардың кейбір түрінің табиғат жағдайларында тіршілік етуі туралы білімдерін кеңейту. Қарапайым, дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Білімге құштарлық, жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.	19.11.21ж
IV- апта Дұрыс тамақтану. Дәрумендер	"Дастарқанға нан қайдан келеді?" (Сурет б/ша әңгіме)	<b>Білімділік:</b> Дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерін қалыптастыру, нан және оны пісіру туралы білімдерін кеңейту. <b>Дамытушылық:</b> Балалардың білімге құштарлығын, зерттеу әрекетіне ұмтылысын дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Ересектердің еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу.	26.11.21ж

**Желтоқсан айы 2021 жыл**  
**Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»**

Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Мерзімі
II-апта Тарихқа саяхат	«Бөлме өсімдіктері» (бақылау)	<b>Білімділік:</b> Бөлме өсімдіктерінің түрлерін ажырату және атай білуге үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Тәжірибе жұмыстарын жүргізуге қызығушылығын, заттарды салыстыра білу дағдыларын дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Балалар ұжымында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.	03.12.21ж
III-апта Өсімдік әлемі	«Өсімдіктерге қалай күтім жасау қажет?» (әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Балаларды жанды табиғат бұрышындағы өсімдіктерді күтуге қатыстыру. <b>Дамытушылық:</b> Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Еңбексүйгіштікті және тірі табиғат нысандарына қамқор көзқарасты тәрбиелеу.	10.12.21ж
IV-апта Ғажайып қыс	«Біздің өлкеге қыс келді.» (әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау дағдыларын дамыту. <b>Дамытушылық:</b> Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Туған өлкенің табиғатымен қарым-қатынаста адамгершілік-эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу.	24.12.21ж
V-апта Су тіршілігі	«Аквариумдағы балықтар» (әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер туралы түсініктерін кеңейту. <b>Дамытушылық:</b> Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. <b>Дамытушылық:</b> ту. <b>Тәрбиелік:</b> Табиғатқа, тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	31.12.21ж

**Қаңтар айы 2022 жыл**  
**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**

<b>Апталық тақырыптар</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Бағдарламалық мақсаты</b>	<b>Мерзімі</b>
II-апта Табиғат құбылыстар	«Табиғатты аялайық!» (әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Табиғаттағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру. <b>Дамытушылық:</b> Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Ізгілік, мейірімділік, қызығушылық пен білімге құштарлықты тәрбиелеу.	14.01.22ж
III-апта Өсемдіктер әлемі	«Пияз егу» (ыдысқа отырғызу)	<b>Білімділік:</b> Пияз туралы түсіндіру. <b>Дамытушылық:</b> Балалардың пияз егу үдерісі туралы түсінігін дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Еңбек етуге, пайда келтіруге деген ықыласын дамыту.	21.01.22 ж
IV-апта Ғажайып қыс	«Түрлі-түсті мұздар» (Тәжірибе)	<b>Білімділік:</b> Қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру.Балаларға судың қатты күйі туралы түсінік беру. <b>Дамытушылық:</b> Тәжірибе жасау арқылы түрлі түсті суды қалай мұзға айналатынын көрсету <b>Тәрбиелік:</b> Табиғат ерекшеліктерін көре білуге тәрбиелеу.	28.01.22 ж

**Ақпан айы 2022 жыл**  
**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»**

Апта	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Мерзімі
I-апта Құстар біздің досымыз	«Құстарға қыста қамқор бол» (әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Өлкеде қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін қалыптастыру. <b>Дамытушылық:</b> Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауын, шығармашылық қиялын дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> «Қыстап қалатын құстарға қамқор болу керек» деген көзқарастарын қалыптастыру.	04.02.22ж
II-апта Өсімдіктер әлемі	«Бөлме өсімдіктерін күту» (табиғат бұрышында)	<b>Білімділік:</b> Балалардың бөлме гүлдері, олардың түрлері мен айырмашылықтары туралы түсінігін кеңейту; өсімдіктерді су құятын ыдыстан суаруды үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Өсімдіктерге күтім жасауға деген құштарлығын ояту <b>Тәрбиелік:</b> Олардың сұлулығына қуануға үйрету.	11.02.22ж
III-апта Табиғат құбылыстары	«Көрінбейтін ауа» (Бакылау )	<b>Білімділік:</b> Балаларды ауа және оның қасиеттері туралы түсінікпен таныстыру. <b>Дамытушылық:</b> Зерттеу қызметіне деген қызығушылығын ояту. <b>Тәрбиелік:</b> Төңірегіндегі қатар құрбыларына қайырымды болуға үйрету.	18.02.22ж
IV-апта Табиғат құбылыстары	«Ғажайып қап» Тәжірбие	<b>Білімділік:</b> Балаларға заттардың бірі адамдардың қолымен, бірі табиғаттың күшімен жасалғанын түсіндіру. <b>Дамытушылық:</b> Қарапайым тәжірбиелік зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру. <b>Тәрбиелік:</b> Зерттеушілік мінез құлық, қоршаған ортадағы заттарға күтім жасау дағдысын қалыптастыру.	25.02.22 ж

**Наурыз айы 2022 жыл**  
**Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»**

<b>Апта</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Бағдарламалық мақсаты</b>	<b>Мерзімі</b>
I апта Табиғат құбылыстары	«Далада не өседі?» (бақылау)	<b>Білімділік:</b> Түрлі өсімдіктердің өсетін жерлері туралы түсініктерін қалыптастыру. <b>Дамытушылық:</b> Қарапайым зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын, білімге құштарлығын дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Қоршаған ортаға қызығушылығын, танымдық белсенділігін тәрбиелеу.	04.03.22ж
II-апта Құстар біздің достарымыз	«Көктем келді,күс келді.» (әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Құстарды ажыратып, атай білуді үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Көктем келгенде құстардың өмірінде және мінез-құлығында болатын өзгерістерді көрсету. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Құстарға қамқорлық көрсетуге құштарлығын тәрбиелеу; танымдық қызығушылықтарын дамыту.	11.03.22ж
III-апта Табиғат құбылыстары	«Табиғаттың көктемде оянуы.» (әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Көктемдегі табиғат құбылыстарын бақылау дағдыларын кеңейту. <b>Дамытушылық:</b> Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Табиғатқа достық қарым-қатынасты және позитивті көзқарасты тәрбиелеу.	18.03.21ж
IV-апта Өсемдіктер әлемі	«Наурызгүлдер» (бақылау)	<b>Білімділік:</b> Көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру. <b>Дамытушылық:</b> Көктемнің алғашқы гүлдері– наурызгүлдер туралы түсініктерін дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	25.03.22ж

**Сәуір айы 2022 жыл**  
**Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»**

Апта	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Мерзімі
I-апта Табиғат құбылыстары	«Көгілдір көктем» (Бақылау)	<p><b>Білімділік:</b>Балаларға көктем мезгілінде табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсіндіру.</p> <p><b>Дамытушылық:</b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсінігін кеңейту,байқампаздығын дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелік:</b> Көктем табиғаттың оянуына,оны қызықтауға деген ынтасын ояту.</p>	04.04.22ж
II-апта Өсімдіктер әлемі	«Ағаштардың гүлдеуі»(Бақылау)	<p><b>Білімділік:</b>Көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру; ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелік:</b> Құрдастарымен достық қарым-қатынастарын, бірлесіп еңбек етуге тәрбиелеу.</p>	11.04.22ж
III-апта Жәндіктер әлемі	«Жәндіктер-кішкентай көмекшілер» (Бақылау )	<p><b>Білімділік:</b> Жәндіктердің бәрі тірі жан иесі дегенді түсіндіру:оларда тыныс алады,қозғалады,тамақтанады.</p> <p><b>Дамытушылық:</b>Қарапайым тәжірибелік – зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру.</p> <p><b>Тәрбиелік:</b> Табиғат әлеміне мейірімді болуға үйрету.</p>	18.04.22ж
IV-апта Жәндіктер әлемі	«Тасбақа » (Табиғат бұрышында бақылау)	<p><b>Білімділік:</b> Барлық тіршілік иелері адамдар тарапынан белгілі бір күтімді қажет ететіні жөнінде түсіндіру.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Байқампаздық қабілетін,ойлау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелік:</b> Балаларды жануарларға мейірімді болуға үйрету.</p>	25.04.22ж №35



**Мамыр айы 2022 жыл**  
**Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»**

<b>Апта</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Бағдарламалық мақсаты</b>	<b>Мерзімі</b>
I-апта Гүлдер әлемі	«Наурызгүлдер» (әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру. <b>Дамытушылық:</b> Көктемнің алғашқы гүлдері– наурызгүлдер туралы түсініктерін дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	06.05.22ж
II-апта Табиғат құбылыстары	«Табиғатты аялайық!» (әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Табиғаттағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру. <b>Дамытушылық:</b> Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Ізгілік, мейірімділік, қызығушылық пен білімге құштарлықты тәрбиелеу.	13.05.22ж
III-апта Маусымдық өзгерістер	«Қош келдің, жаз!» (әңгімелеу)	<b>Білімділік:</b> Жазғы уақытта болатын маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. <b>Дамытушылық:</b> Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін тәрбиелеу.	20.05.22ж
IV-апта	Көбелекті бақылау	<b>Білімділік:</b> Балаларға жаз кереметтері туралы негізгі ұғым беру; жаз кезіндегі жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту; жазғы ауа райының өзгерістерін байқап, ажырата білуге үйрету; жайдары жаз туралы түсініктерін қалыптастыру. <b>Дамытушылық:</b> Балалардың жазғы табиғат құбылыстарын көзбен қабылдау арқылы танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдылары мен қиялын, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Балалардың жаз кереметтеріне қызығушылықтарын арттыру; оқу қызметінде эстетикалық қарым-қатынас пен тәртіп ережелеріне және табиғатты аялау сезімдеріне тәрбиелеу.	27,05,22

